

**ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ КӘСІПОРЫНДАРЫНДА КӘСІПКЕРЛІК ТӘУЕКЕЛДІ
ТӨМЕНДЕТУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

**ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СНИЖЕНИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОГО РИСКА
НА ПРЕДПРИЯТИИ ПИЩЕВОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ**

MAIN DIRECTIONS OF REDUCING BUSINESS RISK IN THE FOOD INDUSTRY

А.Б. ШОРАЕВА
A.B. SHORAYEVA

(Алматы технологиялық университеті)
(Алматинский технологический университет)
(Almaty Technological University)
E-mail: aray.1987@mail.ru

Бұл мақалада: тәуекел түрлері мен оны талдау әдістері және кәсіпкерлік тәуекелді бағалау және төмендету жолдары қарастырылған. Қазіргі таңда экономистердің пікірінше, кәсіпкерлік тәуекелді анықтау және басқару ролінің маңыздылығын нығайту Қазақстандық экономиканың тұрақты дамуына жетудің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Мақалада автор тарапынан қаржылық және өндірістік тәуекелді басқару бойынша жан-жақты теориялық зерттеулер жүргізіліп, «ФудМастер Компаниясы» ЖШС - нің қаржылық жағдайына талдау жасалынып, тәуекелді басқару жүйесін жетілдіру бойынша шаралар ұсынылды.

В данной статье рассмотрены: виды, методы анализа риска, а также рассмотрены и предложены оценка и пути снижения рисков на предприятиях. На сегодняшний день, по мнению экономистов, одним из важных обязанностей для достижения постоянного развития экономики Казахстана, является выявление рисков и усиление роли управления рисками на предприятиях. Согласно статье, автором проводились теоретические исследования по управлению финансовыми и производственными рисками, сделан анализ финансового состояния и предложены мероприятия по улучшению управления рисками ТОО «Компании ФудМастер».

In this article I give a complete definition of risk and I considered types of risk and methods of assessment. Incorrect application of risk reduction techniques lead to significant financial and production problems. Recognising and manage risks is an important thing for the economy of Kazakhstan. Practical suggestions made production of milk and milk products and their implementation in industrial enterprises. I reviewed the types and methods of assessment and analysis industrial enterprises and their risk reductions. A theoretical study and analysis of financial condition ТОО "FoodMaster Company" and assessment and risk management companies, proposed activities to improve them.

Негізгі сөздер: тәуекел, анықсыздық, диверсификация, динамика, тренд, вариация, дисперсия, дисконттау, корреляция, регрессия, оңтайландыру.

Ключевые слова: риск, неопределенность, диверсификация, динамика, тренд, вариация, дисперсия, дисконтирование, корреляция, регрессия, оптимизировать.

Keywords: risk, uncertainty, diversification, dynamics, trend, variation, dispersion, discounting, correlation, regression.

Кіріспе

Қазақстан тамақ өнеркәсібінің дамуының ерекше шарттары, аграрлық нарықтың ырықсыздануының артуы шаруашылық қызметінің экономикалық тиімділігі мен

тұрақтылығының ішкі және сыртқы факторларын жүйелік талдау негізінде өндірістік-экономикалық қызметтің тәуекелді ескере отырып дайындалған ұтымды стратегияларын

қалыптастыру мен талдау құралдарын дайындауды талап етеді.

Өнімділіктің тұрақсыздығы және өндірістік ресурстар нарығындағы, әсіресе, ауыл шаруашылығы өнімдері нарығындағы бағаның тұрақсыздығы, сонымен бірге кәсіпорындардың қаржы ресурстарының құрылымының оңтайлы болмауы мен олардың жағдайының аграрлық саясаттағы өзгерістерге тәуелділігі – аграрлық саладағы тәуекелдің неғұрлым маңызды көздері болып саналады. Тәуекелді бағаламау мен оны төмендету тәсілдерін дұрыс қолданбау кәсіпорындарды күрделі қаржылық мәселелерге алып келетінін тәжірибе көрсетіп отыр. Ел Президентінің Қазақстан халқына 2012 жылғы жолдауында да тамақ өнеркәсібі туралы айрықша айтылып, оның дамуы арқасында еліміз үшін аса маңызды екі міндет – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен экспортты әртараптандыру міндетін жүзеге асыру қарастырылған. Сол себепті ауыл шаруашылығы мен тұтастай сала кәсіпорындарының экономикалық тиімділігін жоғарылату мен тұрақты дамытуда тәуекелді талдау мен оған қарсы тұру әдістерін жетілдіру үлкен маңызға ие.

Нарықтық экономика жағдайында ауыл шаруашылығында тәуекелді басқару үшін түрлі стратегиялар қолданылуы мүмкін, атап айтсақ: салаларды үйлестіру, өндірісті түрлі табиғи-экономикалық аудандарда орналастыру, жергілікті табиғи-экономикалық жағдайларға бейімделген технологияларды қолдану, сақтандыру, несиелендіру, ауыл шаруашылығы өндірісінен тыс табыс көздерін іздестіру. Отандық экономикалық ғылымда тәуекелді төмендетудің аталып өткен стратегияларының әрқайсысын қолданудың теориялық және қолданбалы аспектілері жөнінде зерттеулер аз емес. Аграрлық нарықтағы бағалардың динамикасының ерекшелігі, бірінші кезекте, олардың маусымдық сипаты тек тәуекелдің көзі ғана емес, өнімді сату саясатын шебер басқарған жағдайда өндірістің экономикалық тиімділігін жоғары деңгейде ұстаудың көзі де бола алатындығымен түсіндіріледі.

Бірақ, қазіргі күні осы тақырып бойынша жекелеген жұмыстарды есепке алмағанда, аграрлық экономикада жиі орын алатын тәуекел мен анықсыздық факторларын есепке ала отырып, осы мәселенің теориялық және қолданбалы аспектілерін жан-жақты және терең зерттеулердің тапшылығы айқын сезіледі.

Отандық ғылымда зерттеу тақырыбының теориялық базасы енді қалыптасып келе жатыр.

Зерттеу барысында келесідей бағыттар бойынша жазылған еңбектер қызығушылық танытты: 1) тәуекел – ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігіндегі маңызды фактор; 2) тәуекел жағдайында шешім қабылдауда кәсіпкерлердің іс-әрекеті; 3) мал шаруашылығы өнімдерін сату көлемі мен сату уақытын оңтайландырудың әдістемелік аспектілері.

Соған қарамастан, бұрынғы кеңестік үкімет кеңістігіндегі мемлекеттердің экономикасының өзіндік ерекшеліктері жағдайында тәуекел менеджментінің жағдайы мен деңгейі қазіргі экономика ғылымының талаптары мен тәжірибесіне толық сәйкес келмейді[1].

Аграрлық нарықтың жаңа шарттары жағдайында тәуекелді төмендету мен ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігін арттырудың стратегияларын ғылыми негіздеу мен таңдаудың қажеттілігі, оның бір жолы ретінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен сату саясатын тәуекелді есепке ала отырып оңтайландыру әдістемесін дайындау зерттеу тақырыбын таңдауды, диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттерін негіздеді. Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарында тәуекел жағдайында сүт және сүт өнімдерін өндіру мен өткізу көлемін жыл маусымдары бойынша оңтайландыру әдістемесін дайындау және тиісті тәжірибелік ұсыныстар жасау.

Зерттеудің әдістемелік негізін жүйелік талдаудың қағидалары, танымның ғылымға жалпы ортақ, жеке ғылымдарға тән және ғылымаралық тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы құрайды.

Мақаланың зерттеу объектісі – тәуекел жағдайында өнімдерді өндіру мен өткізудің экономикалық тиімді стратегиясын қалыптастырудың заңдылықтары мен ерекшеліктері.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы өнім өндіру мен өткізу шешімдерін қабылдауда мақалада ұсынылған тәуекелді есепке алудың әдістері мен өндірілген өнімді өткізу стратегиясын оңтайландыру әдістемесін пайдалану ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігінің жоғарылауына, жалпы сала кәсіпорындарының тұрақты дамуына ықпал етуінен көрініс табады.

Сонымен, тәуекелдерді анықтау және басқару ролінің маңыздылығын нығайту және оны маманды қызмет сферасына шығару бүгінгі таңда қазақстандық экономиканың тұрақты дамуына жетудің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Зерттеу әдістері мен нысандары

Тәуекел кез-келген бизнес түріне тән құбылыс, сол себепті осы уақытта қабылданған кез-келген шешімнің болашақта міндетті түрде салдарлары болады және біз ол салдарлар қандай болатындығын осы сәтте нақты айта алмаймыз. Бизнесі жүзеге асырудан алынған пайда – кәсіпкердің тәуекелге барғаны үшін алған сыйақысы ретінде қарастырылады. Бірақ тәуекел қауіптеніп қана қоятын құбылыс емес. Демек, мәселе тәуекелдің бар болуында ғана емес, ең бастысы шаруашылық субъектілерінің күтілмеген жағдайларға қарсы тұру мүмкіндіктерінің шегінде тәуекелді тиімді басқара білуінде.

Отандық экономикалық әдебиет беттерінде тәуекел жөнінде 90-жылдардың басында – еркін нарықтық экономикаға көше бастау кезеңінде жазыла бастады. Кәсіпкерлік тәуекелдің болуы, шын мәнінде, экономикалық еркіндіктің екінші жағы, яғни экономикалық еркіндік үшін төлем. Сол себепті еліміздің нарықтық экономикалы мемлекет болып танылуы жағдайында тәуекел мәселесі экономикалық ғылымда біртіндеп өз орнын алып келеді. Дегенмен, қазіргі күні экономикалық әдебиеттерде тәуекелдің бірегей әмбебап анықтамасы қалыптасқан жоқ.

Ресейлік белгілі экономист Б.А.Райзберг: «Тәуекел – кәсіпкерлік қызметтің белгілі бір түрінде ресурстарды ұтымды пайдалану нұсқасымен салыстырғанда ресурстарды жоғалтудың немесе пайданы алмаудың потенциалды мүмкін, ықтималды қауіп», – деген анықтама береді немесе «тәуекел – жоспарланғаннан көп шығындар шегу немесе күтілгеннен төмен пайда алу қауіп». Бұл жағдайда артық шығын қаржылық, материалдық, еңбектік немесе уақыт шығыны түрінде болуы мүмкін. Осындай пікірді зерттеушілердің көпшілігі қолдайды.

Егер жоғарыда аталып өткен авторлар тәуекелді тек жағымсыз жағдайлардың орын алу мүмкіндігімен байланыстырса, философия ғылымдарының докторы А.П.Альгин тәуекелді анықсыздықты шешу тәсілі ретінде қарастырады, оның пікірінше: «тәуекел – шаруашылық субъектілерінің шешімді таңдау үрдісіндегі анықсыздықты жоюмен байланысты қызметі, бұл кезде таңдалған шешім бойынша күтілген нәтижелерге қол жеткізу, зиян шегу мен мақсаттан ауытқу ықтималдылығын бағалау мүмкіндігі туындайды»[2]. Бұл анықтамадан тәуекелдің үш элементі көрінеді: оң нәтижеге қол жеткізу ықтималдылығы; жағымсыз

салдарлардың орын алу ықтималдылығы; мақсаттан ауытқу ықтималдылығы.

Тәуекелге анықтама беруде ұқсас пікірді А.М.Омаров та ұстанады: «тәуекел – бұл таңдау жағдайында жүзеге асырылатын іс-әрекет, ұтылыс кезінде субъектінің жағдайы шешімді таңдағанға дейінгіден де нашар күйге түсуі мүмкін».

Осылайша, түрлі экономистер мен ғалымдар жүргізілген зерттеудің талаптары мен мақсатына байланысты тәуекел категориясына түрлі анықтамалар береді, оларды келесідей топтастыруға болады:

- кейбір ғалымдардың пікірінше тәуекел – бұл қауіп;

- басқа ғалым-экономистер тәуекел – бұл анықсыздық дейді;

- үшіншілердің пікірінше тәуекел – табысты нәтижеге үміттену;

- бірқатар экономистер тәуекелді шығын ретінде бағалайды;

- сонымен бірге, тәуекел – ұтыс деген де пікірлер бар;

- кейбір экономистердің пікірінше тәуекел – қол жеткізілген нәтиженің белгіленген мақсатқа сәйкес келмеуі.

Тәуекел түсінігіне берілген анықтамаларды талдау кез-келген тәуекелді жағдайға тән келесідей белгілерді атап өтуге мүмкіндік береді:

- шаруашылық ету ортасының анықсыздығы;

- баламалы шешімдердің болуы;

- қойылған мақсаттан ауытқу мүмкіндігінің болуы;

- қойылған мақсаттың жүзеге асуына сенімділіктің болмауы;

- оң нәтижеге (пайда) қол жеткізу мүмкіндігінің болуы;

- жағымсыз нәтиженің (зиян) орын алу мүмкіндігінің болуы [3].

Зерттеушілердің шаруашылық тәуекелінің түсінігі мен мәнін ашуға бағытталған еңбектері негізінде келесідей қорытындылар жасауға болады:

1) кәсіпкерлік пен тәуекел – бір-бірімен өзара байланысты категориялар. Бір жағынан, кәсіпкер – тәуекелге бара алатын адам, ол үлкен пайда табу үшін тәуекелді іс-әрекеттерге барады. Екінші жағынан, тұрақты табыс табатын кәсіпкер өте сақ, шаруашылық етудің сенімді, тексерілген әдістерін таңдайды;

2) тәуекел-тұрақсыз параметр. Оның шамасын анықтау жан-жақты білімді, қызмет тәжірибесін қажет етеді;


3) тәуекелдің көзін білу арқылы кәсіпкер оның әсерін төмендетуге тырысады;

4) тәуекел көздеріне кездейсоқ, болжаны мүмкін емес шығындар жатады;

5) егер тәуекелді жағдай орын алса, онда оған баға беріп, оны төмендету шараларын іздестіру қажет;

6) тәуекел ықтималды шама, оның мәні оны есепке алу әдісіне байланысты;

7) тәуекел экономиканың дамуының теріс факторы ғана емес, сонымен бірге тәуекел - инновациялық шешімдерге итермелейтін, өндіріс пен инвестициялық жобалардың тиімділігін жоғарылатуға ықпал ететін тетік сурет 1 – де көрсетілгендей кәсіпкерлік тәуекел түрлерінің жіктелуі көп түрлі болуы мүмкін.



Сурет 1 – Кәсіпкерлік тәуекел түрлерінің жіктелуі
Ескертпе - [4] ақпарат көзі бойынша

Инвестиция құралдарын тәуекел деңгейі мен табыстылығы бойынша бір-бірімен байланысты емес түрлі капитал салу объектілері арасында бөлу.

Нәтижелер мен оны талдау

«ФудМастер Компаниясы» ЖШС - нің негізгі міндеті тұрғындарды әлемдік сапа стандартына сәйкес табиғи ингредиенттерден жасалған өніммен қамтамасыз ету үшін Қазақстанда сүт өндірісін тұрақты дамыту болып табылады.

Қаржы тәуекелі кәсіпорын қаржылық институттармен (банктер, қаржылық, инвестициялық, сақтандыру компаниялары, биржалар және т.б.) қатынасы процесінде пайда болады.

Қаржы тәуекелінің туындау себептері – инфляциялық факторлар, банктің есептік мөлшерлемелерінің өсуі, бағалы қағаздар құнының төмендеуі және т.б.

Қаржы тәуекелдері екі түрге бөлінеді:

- 1) ақшаның сатып алу қабілеттілігімен байланысты тәуекелдер;
- 2) капитал салымдарымен байланысты тәуекелдер (инвестициялық тәуекелдер).

Ақшаның сатып алу қабілеттілігімен байланысты тәуекелдерге тәуекелдердің келесі түрлері жатады: инфляциялық және дефляциялық тәуекелдер, валюталық тәуекелдер, өтімділік тәуекелі.

Инфляциялық тәуекел – инфляция өсімі кезінде нақты сатып алу қабілеттілігі көзқарасынан өсуден көрі алынатын ақшалай табыстар тез құнсыздануындағы тәуекел. Мұндай жағдайда кәсіпкер нақты шығыстарға тап болады.

Дефляциялық тәуекел – дефляция өсімі кезінде бағалар деңгейі төмендейді, кәсіпкерліктің экономикалық жағдайы нашарлайды табыс төмендейді.

Валюталық тәуекелдер сыртқы экономикалық, несиелік және басқа да валюталық операцияларды жүргізу кезінде бір шетелдік валюта бағамының басқа валюта бағамына қатынасының өзгеруімен байланысты валюта-лық жоғалту қаупімен түсіндіріледі.

Өтімділік тәуекелі – тұтынушылық құнының және сапалық бағаның өзгерісі себебінен бағалы қағаздар немесе басқа да тауарларды өткізу кезіндегі мүмкін болатын жоғалтулармен байланысты тәуекелдер.

Инвестициялық тәуекелдер келесі ішкі жүйелік тәуекелдерді қамтиды:

- 1) жіберіліп қойған пайда тәуекелі;
- 2) табыстылықтың төмендеу тәуекелі;
- 3) тікелей қаржылық жоғалтулар тәуекелі.

Жіберіліп қойған пайда тәуекелі – белгілі бір шараларды (мысалы, сақтандыру, хеджирлеу, инвестициялау т.с.с.) іске асырмау нәти-

жесінде жанама (қосымша) қаржылық зиянның (алынбаған табыс) туындау тәуекелі.

Табыстылықтың төмендеу тәуекелі портфельдік инвестициялар, салымдар және несиелер бойынша дивидендтер және пайыздар мөлшерінің төмендеу нәтижесінде туындауы мүмкін[4].

Портфельдік инвестициялар инвестициялық портфельдің пайда болуымен байланысты және бағалы қағаздар және басқа активтерді сатып алумен түсіндіріледі. «Портфельдік» термині итальян сөзінен «Porte foglio» шығып, инвесторда бар бағалы қағаздардың жиынтығын білдіреді.

Табыстылықтың төмендеу тәуекелі келесідей тәуекел түрлерінен тұрады: пайыздық тәуекелдер және несиелік тәуекелдер.

Пайыздық тәуекелдерге тартылған қаражаттар бойынша төленетін пайыздық мөлшерлемелер ұсынылған несиелер бойынша мөлшерлемелерден жоғары болып кетуі нәтижесіндегі коммерциялық банктердің, несиелік мекемелердің, инвестициялық институттардың жоғалту қауіптері жатады. Пайыздық тәуекелдерге сонымен қатар акциялар бойынша дивидендтердің, облигациялар, сертификаттар және басқа бағалы қағаздар нарығындағы пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісімен байланысты инвесторлар жоғалтулар тәуекелі жатады.

Жобаның тәуекелдігінің жоғары деңгейі оны төмендетудің жасанды жолдарын іздеуге итермелейді [5].

Жобаларды басқару тәжірибесінде тәуекелді төмендетудің 3 тәсілі бар:

- жобаға қатысушылар арасында тәуекелдікті бөлу (тәуекелдің бөлігін орындасушыларға беру);
- сақтандыру;
- күтілмеген шығындарды жабу үшін қорларды сақтау;

Тәуекелді бөлудің қарапайым тәжірибесі тәуекелді әрдайым есептеуге және бақылауға мүмкіндігі бар жоба қатысушысын тәуекелге жауапты етуден тұрады. Бірақ өмірде дәл осы серіктестің тәуекел әрекетінің зардабына төзуге қаржылық жағынан жеткілікті берік емес болуы жиі кездеседі.

Кеңес беруші кәсіпорындардың жабдық-таушылардың және тіпті мердігерлердің көбісінің өздерінің тіршілігін қауіпке ұшыратпай пайдалана алатын, тәуекелдің орнына төлеуге арналған шектеулі қаржылары бар.

Ықтималдық және шешім ағашы негіз болып табылатын модель шешімнің стандартты әдісіне негізделген және бұл ағаш

шешімдердің жүйелілігін қалыптастыру үшін пайдаланылады.

Белгілі бір тапсырысты талдау бойынша шешімдердің тізбектілігі тапсырыс портфелін қалыптастыру кезеңінде анықталады. Бұл проблема инвестициялық жоба кем дегенде екі жақтың сатушы және сатып алушының немесе тапсырыс беруші және орындаушының қатысуымен сипатталатын екі жақты белгіге ие.

Жобаны инвестициялаудың ұзақтығы мен өлшемдерінің өсімі, әртүрлілігі және күрделілігі, оларды іске асыруға жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу, кез-келген фирманы қоршаған сыртқы ортаның жоғары икемділігі, бәсекелестік, инфляция және басқа да теріс факторлар жобаны іске асыру үрдісіндегі тәуекел деңгейінің өсуіне әкеліп соғады.

Тәуекелді сапалы бөлу жобаға қатысушылар әлеуетті инвесторлар диапазонын кеңейтетін немесе тарылтатын бірқатар шешім қабылдайтынын көрсетеді. Қатысушылар инвесторларға тәуекелділіктің неғұрлым жоғары дәрежесін міндеттеуге ниеттенсе, соғұрлым қатысушыларға жобаны қаржылан-дыруға тәжірибелі инвесторларды тарту қиынырақ болады.

Сондықтан жоба қатысушыларына келіс-сөз жүргізген кезде тәуекелдің қандай бөлігін олар өз мойнына алуға дайын екендігіне байланысты максималды икемділік көрсету ұсынылады. Жоба қатысушыларының өздеріне тәуекелдің үлкен бөлігін қабылдау туралы мәселені талқылауға ынтасы тәжірибелі инвесторларды талаптарын азайтуға көндіруі мүмкін.

Көптеген ірі жобаларға оларды іске асыруда мүдіріс тән, ал ол тапсырыс берушіні жобаның бастапқы құнынан да асып кететін жұмыс құнының өсуіне әкелуі мүмкін.

Мысалы, электрмен жабдықтау желілерінің уақытылы қосылмауы нәтижесінде. Мұндай жағдайда мүдіріс үшін мердігердің айыппұлының көлемі тапсырыс берушінің шығындарынан біршама аз болады.

Мұндай жағдайдан шығу үшін жобаға қатысуға сақтандыру компанияларын тарту қажет [6].

Тәуекелді сақтандыру дегеніміз – белгілі бір тәуекелдерді сақтандыру компанияларына аудару болып табылады. Бұл мәселені ірі құрылыс кешенін тұрғызу мысалында қарастырайық.

Сақтандырудың 2 тәсілі пайдаланылады: мүліктік сақтандыру және кездейсоқ жағдайдан сақтандыру.

Мүліктік сақтандыру келесі формаларға ие болады:

- мердігерлік құрылыс тәуекелін сақтандыру;

- кеме жүктерін сақтандыру;

- мердігердің құрал-жабдықтарын сақтандыру.

Кездейсоқ жағдайдан сақтандыруға кіреді:

- жалпы азаматтық жауапкершілікті сақтандыру;

- кәсіптік жауапкершілікті сақтандыру.

Сақтандырудың негізгі формаларының ерекшеліктері:

Мердігерлік құрылыс тәуекелін сақтандыру аяқталмаған құрылысты материалды шығындардан немесе зияндардан сақтандыруға арналған.

Сақтандыру тәуекеліне байланысты мердігерлік құрылыс тәуекелін сақтандыру келісімшартының 3 түрі бар:

- Өрттен сақтандырудың стандартты келісімшарты келісімшартта көрсетілген меншікті тікелей материалды шығыннан және зақымнан қорғау үшін қажет.

- Өрттен сақтандырудың кеңейтілген келісімшарты өрттен сақтандырудың стандартты келісімшарты мен нақты сақтандырушылардың қажеттіліктерін ескеріп бір немесе бірнеше өзіндік толықтырмадан тұрады [7].

Қорытынды мен тұжырымдар

Кәсіпорын құрудың әр қадамында тәуекелдік болады, себебі шешім қабылдауда әрдайым тәуекел ықтималдығы, тәуекелдің деңгейі, шығындар көлемі ескеріледі және оның көлемін азайту, тәуекел деңгейін төмен-дету жолдары міндетті түрде қарастырылады.

Тәуекел деңгейі тек қаржыға ғана байланысты емес, оған бәсекелестер де әсер етеді. Сондықтан тәуекелдікті бағалау кезінде олардың да алдағы қадамдарын мүмкінді-гінше болжай білу қажет.

Тәуекелдікті бағалаудың көп мәліметтерді қажет ететіні белгілі. Мәлімет жеткіліксіз болған жағдайда тәжірибелі мамандардың болжамына сүйену қажет. Бұл деген кәсіпорында білімді мамандардың жұмысының күрделілігін көрсетеді.

Кәсіпорын стратегиясын жасауда да тәуекелді бағалау маңызды болып табылады. Себебі стратегияны таңдау кезінде тәуекелдіктің деңгейінің жоғарылығы анықталса, баламалы стратегияны таңдауға болады.

Кәсіпорын қызметінің тәуекелдігіне сол сияқты кәсіпорын орналасқан елдің саяси жағдайы да тікелей әсер етеді. Инвестор-

ларды тарту кезінде де елде белгілі бір толқулар болып жатса, инвесторларды тарту да қиындайды. Ал ол табыстың көбеюіне әкеледі, кәсіпкер үшін тәуекелдіктің маңыздылығы осында жатыр.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. –Алматы, 2009. – 56 бет.

2. Найт Ф.Х. Риск, неопределенность, и прибыль.– М.: Дело, 2010. -360 с.

3. Милль Дж.С. Основы политической экономии и некоторые аспекты их приложения к социальной философии. В 3-х т. -М.: Прогресс, 2009– 240 с.

4. Маршалл А. Принципы экономической науки. В 2-х томах. Пер. с англ.-Т.1 –М.:Прогресс, 2008.- 480 с.

5. Замков О.О., Толстопятенко А.В., Черемных Ю.Н. Математические методы в экономике. – М.: Дело и сервис, 2008. – 220 с.

6. Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов. Антология экономической классики.Т.1. - М.: Экономика, 2007.– 125 с.

7. Райзберг Б.А. Предпринимательство и риск. – М.: Система, 2011. – 240 с.